

Порядок начисления вознаграждений за отличные оценки учащихся в рамках Программы лояльности Bilim для держателей Power Card

Глава 1. Общие положения

1.1. Настоящий Порядок начисления вознаграждений за отличные оценки учащихся в рамках Программы лояльности Bilim для держателей Power Card (далее – Программа) разработана в соответствии с действующим Гражданским кодексом (Особенная часть) Республики Казахстан, а также внутренними документами АО «Фридом Банк Казахстан».

1.2. Настоящая Программа определяет порядок и условия предоставления (начисления и выплаты) Вознаграждений Клиенту и его активации (подтверждения) Банком, последующего использования Клиентом. Программа также устанавливает порядок последующего использования вознаграждений для совершения Транзакций/Операций.

Глава 2. Используемые термины и определения

2.1. В настоящей Программе используются следующие термины и сокращения:

- 1) Вознаграждение – доход, зачисляемый Банком на Бонусный счет Клиенту за совершение Транзакций/Операций, а также за выполнение условий, предусмотренных Программой;
- 2) Power Card – продукт «Детская карточка» по открытию счета платёжной карточки с выпуском основной платёжной карточки на родителя и выпуском дополнительной платёжной карточки на ребенка, предназначенной для совершения стандартных операций (за исключением тех операций, по которым установлены ограничения согласно Правилам открытия, ведения и закрытия банковских счетов физических лиц в АО «Фридом Банк Казахстан»);
- 3) Банк – Акционерное общество «Фридом Банк Казахстан»;
- 4) Бонусный счет – внебалансовый счет учащегося, открываемый Банком автоматически для отражения и учета движения зачисленных Клиенту Вознаграждений за совершенные Транзакции/Операции, в том числе зачисленных при выполнении Клиентом условий по проводимым Специальным предложениям от Банка и/или Акциям Партнера, а также для учета трат Вознаграждений при активации;
- 5) Клиент – физическое лицо, пользующееся Платежной карточкой Power Card в соответствии с договором о выдаче Платежной карточки, заключенным с Банком, и/или обслуживающийся в Банке по любому продукту или услуге Банка;
- 6) Мобильное приложение – программное обеспечение «Freedom SuperApp» Банка, позволяющее Клиенту получать электронные банковские услуги, в том числе проводить Транзакции/Операции по текущему счету платежной карточки, установленное и функционирующее на мобильном устройстве Клиента;
- 7) Партнер – Товарищество с ограниченной ответственностью «Bilim Land», управляющее цифровой платформой «Bilim Class» и предоставляющее Банку данные об успеваемости Учащихся в целях реализации настоящей Программы.
- 8) Транзакция/Операция – операция, совершаемая Клиентом путем использования платежной карточки либо ее реквизитов для покупки товаров, и/или безналичный платеж, совершенный Клиентом со своего текущего счета, открытого в Банке;
- 9) Учащийся/ученик – учащийся в Учебной организации, являющийся потенциальным пользователем и держателем Power Card;
- 10) Учебная организация – частная или государственная организация среднего образования;
- 11) Цифровая платформа «Bilim Class» - автоматизированная информационная система ведения электронного дневника и строгой отчетности для обучающихся Учебной организации.

Глава 3. Условия участия

3.1. Участниками Программы могут быть учащиеся 2–11 классов Учебной организации Республики Казахстан.

3.2. Учебная организация учащегося должна быть интегрирована в цифровую платформу «Bilim Class», предоставляя родителям (законным представителям учащегося) и самому учащемуся доступ к информации о расписаниях, табелях успеваемости, дневниках и иных аспектах образовательного процесса.

3.3. Для участия в Программе учащемуся необходимо зарегистрироваться в Мобильном приложении и оформить Power Card. Согласие родителя (или законного представителя) на обработку и передачу данных об успеваемости, которое является обязательным условием участия в Программе, содержится в согласии родителя (законного представителя) на сбор и обработку персональных данных об успеваемости ребенка и/или иных данных Субъекта, в том числе, на передачу Данных в кредитные бюро. Зачисление Вознаграждений осуществляется исключительно в рамках действующей матрицы, указанной в пункте 4.2. настоящей Программы.

3.4. Чтобы активировать Вознаграждение, родитель (законный представитель учащегося) обязан произвести платеж на любую сумму через Мобильное приложение или совершить Транзакцию/Операцию по Power Card учащегося либо по платёжной карточке родителя (законного представителя учащегося). Отображение уведомления о выполнении условий предусмотрено только для новых Клиентов, то есть для пользователей, которые до этого не совершали Транзакции/Операции, включая учащегося и его родителя (законного представителя).

Глава 4. Начисление Вознаграждений за отличные оценки.

4.1. Максимальная сумма Вознаграждений за отличные оценки составляет 5 000 тенге в месяц на Бонусный счет каждому Учащемуся/ученику после выполнения всех условий, указанных в Главе 3 настоящей Программы.

4.2. После выполнения всех условий, указанных в Главе 3 настоящей Программы, учащийся получает Вознаграждение за отличные оценки, в соответствии с условиями, изложенными в матрице ниже:

Активность	Критерий отличной оценки	Вознаграждение
Формативные оценки (ежедневные)	10 баллов	100 тенге
Оценки за СОР* и СОЧ**	85% и более по итогу СОР и СОЧ	200 тенге
Итоговые оценки (четвертные и годовые)	5 баллов	300 тенге
*СОР – Суммативное оценивание за раздел. ** СОЧ – Суммативное оценивание за четверть		

Глава 5. Условия начисления Вознаграждения

5.1. Вознаграждение зачисляется на Бонусный счет учащегося, согласно таблице, указанной в п. 4.2. настоящей Программы, и при выполнении условий (получение отличных оценок), выставленных в цифровой платформе «Bilim Class».

5.2. Вознаграждение зачисляется Банком на следующий календарный день после выставления отличной оценки в цифровой платформе «Bilim Class» при участии Учащегося/ученика в Программе.

5.3. Зачисление суммы Вознаграждения на Бонусный счет Учащегося/ученика осуществляется Банком за вычетом индивидуального подоходного налога.

5.4. Просмотр зачисленного Вознаграждения доступен Учащимся/ученику и родителям (законным представителям учащего) через Мобильное приложение.

5.5. Вознаграждение не утрачивается и может быть накоплено на Бонусном счете Учащегося/ученика для использования в Мобильном приложении.

5.6. При блокировке платёжной карточки «Power Card» Вознаграждение зачисляется на Бонусный счет Учащегося/ученика в установленном настоящей Программой порядке, однако возможность осуществления расходных операций становится доступной только после ее разблокировки.

Глава 6. Использование Вознаграждений

6.1. Трата накопленного Вознаграждения на Бонусном счете возможна в Мобильном приложении. Предусмотрена возможность вывода накопленного Вознаграждения в Мобильном приложении на Power Card для последующих платежей и проведения Транзакций/Операций по Power Card.

6.2. Зачисленное Вознаграждение не имеет срока действия. При этом Банк оставляет за собой право установить срок действия Программы согласно пункту 8.1. настоящей Программы, предварительно уведомив об этом Клиентов путем направления push-уведомления в Мобильном приложении.

6.3. Клиент вправе использовать предоставленное и накопленное Вознаграждение для совершения Транзакций/Операций в Мобильном приложении вне зависимости от срока действия Программы.

6.4. В случае понижения оценки учителем на стороне Партнера до оценки меньше 10 баллов, зачисленное Вознаграждение подлежит возврату. В случае повышения оценки до 10 баллов Вознаграждение будет Зачислено с даты внесения изменения в оценочную таблицу Учащегося/ученика.

6.5. Банк вправе путем прямого дебетования Бонусного счета / счета Платежной карточки Power Card изъять деньги в размере предоставленного Вознаграждения, который был по отменённой Транзакции/Операции (при изменении оценки учителем в дневнике на стороне Партнера до оценки меньше 10 баллов, при возврате товара, совершении несанкционированной Операции и т.д.), на что Клиент предоставляет Банку свое согласие. Клиент также предоставляет свое согласие с тем, что в результате такого списания (изъятия) на его текущем счете может образоваться минусовый (отрицательный) остаток, и он обязуется в дальнейшем его погасить.

Глава 7. Списание Вознаграждения при закрытии Текущих счетов

7.1. При поступлении от Клиента заявления на закрытие всех банковских счетов, открытых в Банке, производится проверка наличия неиспользованного Вознаграждения на его Бонусном счёте.

7.2. Банк уведомляет Клиента о наличии неиспользованного Вознаграждения и предоставляет информацию о доступных способах его использования до начала процедуры закрытия счетов.

7.3. Клиенту предоставляется возможность использовать накопленное Вознаграждение одним из следующих способов:

- 1) использовать Вознаграждения для совершения Транзакций/Операций в соответствии с действующими условиями настоящей Программы.
- 2) по запросу Клиента Банк может предложить накопленное Вознаграждение перевести на другой действующий счёт Клиента в Банке (если таковой имеется) или, в определённых случаях на счёт в другом банке (с возможным взиманием комиссии согласно тарифам Банка).

Глава 8. Заключительные положения

8.1. Участие в Программе является добровольным. Банк оставляет за собой право изменить условия настоящей Программы, приостановить или завершить её действие в любой момент по своему усмотрению, уведомив участников через Мобильное приложение и/или на

официальном интернет-ресурсе Банка www.bankffin.kz не менее чем за 30 календарных дней до вступления изменений и/или дополнений в условия Программы в силу.

8.2. Родитель (законный представитель учащегося), принимая участие в настоящей Программе, подтверждает, что ознакомлен и согласен с настоящей Программой и ее условиями.

8.3. Для получения дополнительной информации и разъяснений по условиям настоящей Программы участники могут обратиться по номеру 595 либо через Мобильное приложение, а также в FAQ в www.bankffin.kz.

Power Card ұстаушыларына арналған Bilim ниеттестік бағдарламасы аясында оқушылардың үздік бағалары үшін сыйақы есептеу тәртібі

1-тарау. Жалпы ережелер

1.1. Power Card ұстаушыларына арналған Bilim ниеттестік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) шеңберінде оқушылардың үздік бағалары үшін сыйақы есептеудің осы тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлігі), сондай-ақ «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-тың ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

1.2. Осы Бағдарлама Клиентке Сыйақы берудің (есептеу және төлеу) және оны Банктің іске қосуының (растауының), Клиенттің кейіннен пайдалануының тәртібі мен талаптарын айқындайды. Сонымен қатар Бағдарлама сыйақыны Транзакциялар/Операциялар жасау үшін кейіннен пайдалану тәртібін белгілейді.

2-тарау. Қолданылатын терминдер мен анықтамалар

2.1. Осы Бағдарламада келесі терминдер мен қысқартулар қолданылады:

- 1) Сыйақы - Банк Клиенттің Транзакциялар/Операциялар жасағаны, сондай-ақ Бағдарламада көзделген талаптарды орындағаны үшін Бонустық шотына есептейтін табыс;
- 2) Power Card – ата-анасына негізгі төлем картасын шығарумен және стандартты операцияларды («Фридом Банк Қазақстан» АҚ-та Жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларына сәйкес шектеулер белгіленген операцияларды қоспағанда) жасауға арналған балаға қосымша төлем картасын шығарумен төлем картасының шотын ашу бойынша «Балалар картасы» өнімі;
- 3) Банк – «Фридом Банк Қазақстан» акционерлік қоғамы;
- 4) Бонустық шот – Банк жүргізілген Транзакциялар/Операциялар үшін Клиентке есептелген Сыйақының қозғалысын көрсету және есепке алу үшін, соның ішінде Клиенттің Банк өткізетін Арнайы ұсыныстарының және/ немесе Серіктестің Акцияларының талаптарын орындауы нәтижесінде есепке қосылған, сондай-ақ іске қосылғаннан кейін Сыйақыны жұмсауды есепке алу мақсатында Банк автоматты түрде ашатын оқушының баланстан тыс шоты;
- 5) Клиент – Банкпен жасалған Төлем картасын беру туралы шартқа сәйкес Power Card Төлем картасын пайдаланатын және/немесе Банктің кез келген өнімі немесе қызметі бойынша Банк қызметін пайдаланатын жеке тұлға;
- 6) Мобильді қолданба – Клиентке электрондық банктік қызметтерді алуға, соның ішінде төлем картасының ағымдағы шоты бойынша Транзакциялар/Операциялар жүргізуге мүмкіндік беретін Клиенттің мобильді құрылғысында орнатылған және жұмыс істейтін Банктің «Freedom SuperApp» бағдарламалық жасақтамасы;
- 7) Серіктес – «Bilim Class» цифрлық платформасын басқаратын және осы Бағдарламаны іске асыру мақсатында Банкке оқушылардың үлгерімі туралы деректерді ұсынатын «Bilim Land» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
- 8) Транзакция/Операция - Клиент тауарларды сатып алу үшін төлем картасын немесе оның деректемелерін пайдалану арқылы жүргізетін операция және/немесе Клиент Банкте ашылған өзінің ағымдағы шотынан жасаған қолма-қол ақшасыз төлем;
- 9) Оқушы – Power Card әлеуетті пайдаланушы және ұстаушысы болып табылатын Білім беру мекемесіндегі оқушы;
- 10) Білім беру мекемесі – жеке немесе мемлекеттік орта білім беру ұйымы;
- 11) «Bilim Class» цифрлық платформасы – Білім беру мекемесінің білім алушыларына арналған электрондық күнделік пен қатаң есептілікті жүргізудің автоматтандырылған ақпараттық жүйесі.

3-тарау. Қатысу талаптары

3.1. Бағдарламаға Қазақстан Республикасындағы Білім беру мекемесінің 2-11 сынып оқушылары қатыса алады.

3.2. Оқушының Білім беру мекемесі ата-аналарға (оқушының заңды өкілдеріне) және оқушының өзіне оқу процесінің кестелері, табельдері, күнделіктері және өзге аспектілері туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, «Bilim Class» цифрлық платформасына қосылған болуы тиіс.

3.3. Бағдарламаға қатысу үшін оқушы Мобильді қолданбаға тіркеліп, Power Card картасын ресімдеуі тиіс. Ата-ананың (немесе заңды өкілдің) Бағдарламаға қатысудың міндетті талабы болып табылатын үлгерім туралы деректерді өңдеуге және беруге келісімі баланың үлгерімі туралы дербес деректерді және/немесе субъектінің өзге деректерін жинауға және өңдеуге, соның ішінде деректерді Кредиттік бюроларға беруге ата-ананың (заңды өкілдің) келісімінде қамтылған. Сыйақыны есептеу осы Бағдарламаның 4.2-тармағында көрсетілген қолданыстағы матрица шеңберінде ғана жүзеге асырылады.

3.4. Сыйақыны іске қосу үшін ата-ананың бірі (оқушының заңды өкілі) Мобильді қолданба арқылы кез келген сомаға төлем жасауға немесе оқушының Power Card немесе ата-анасының (оқушының заңды өкілі) төлем картасы бойынша Транзакция/Операция жүргізуге міндетті. Талаптардың орындалуы туралы хабарламаны көрсету тек жаңа клиенттер үшін, яғни оқушы мен оның ата-анасын (заңды өкілін) қоса алғанда, осы уақытқа дейін Транзакциялар/Операциялар жүргізбеген пайдаланушылар үшін қарастырылған.

4-тарау. Үздік бағалар үшін Сыйақы есептеу.

4.1. Үздік бағалар үшін Бонустық шотқа есептелетін Сыйақының ең жоғары сомасы осы Бағдарламаның 3-тарауында көрсетілген барлық талаптар орындалғаннан кейін әрбір Оқушыға айына 5 000 теңгені құрайды.

4.2. Осы Бағдарламаның 3-тарауында көрсетілген барлық талаптар орындалғаннан кейін оқушы үздік бағалары үшін төмендегі матрицада көрсетілген талаптарға сәйкес Сыйақы алады:

Белсенділік	Үздік бағаның өлшемі	Сыйақы
Формативті бағалау (күнделікті)	10 балл	100 теңге
БЖБ* және ТЖБ** үшін бағалар	БЖБ және ТЖБ қорытындысы бойынша 85% және одан артық	200 теңге
Қорытынды бағалар (тоқсандық және жылдық)	5 балл	300 теңге
*БЖБ – Бөлім бойынша жиынтық бағалау. ** ТЖБ – Тоқсан бойынша жиынтық бағалау.		

5-тарау. Сыйақы есептеу талаптары

5.1. Сыйақы осы Бағдарламаның 4.2-тармағында көрсетілген кестеге сәйкес және «Bilim Class» цифрлық платформасында қойылған талаптар (үздік баға алу) орындалған жағдайда оқушының Бонустық шотына есептеледі.

5.2. Банк Бағдарламаға қатысатын Оқушыға «Bilim Class» цифрлық платформасында үздік баға қойылғаннан кейінгі келесі күнтізбелік күні Сыйақы есептейді.

5.3. Банк Сыйақы сомасын Оқушының Бонустық шотына есептеуді жеке табыс салығын шегере отырып жүзеге асырады.

5.4. Оқушылар мен ата-аналар (оқушының заңды өкілдері) есептелген Сыйақыны Мобильді қолданба арқылы көре алады.

5.5. Сыйақы жоғалмайды және Мобильді қолданбада пайдалану үшін Оқушының Бонустық шотында жинақталуы мүмкін.

5.6. «Power Card» төлем картасы бұғатталған жағдайда Сыйақы осы Бағдарламада белгіленген тәртіппен Оқушының Бонустық шотына есептеледі, алайда шығыс операцияларын жүзеге асыру мүмкіндігі оны бұғаттан шығарғаннан кейін ғана қолжетімді болады.

6-тарау. Сыйақыны пайдалану

6.1. Бонустық шотта жинақталған Сыйақыны Мобильді қолданба арқылы жұмсауға болады. Мобильді қолданбада жинақталған Сыйақыны Power Card-қа шығарып, одан әрі төлемдер жасау және Power Card бойынша Транзакциялар/Операциялар жүргізу мүмкіндігі қарастырылған.

6.2. Есептелген Сыйақының қолданылу мерзімі жоқ. Бұл ретте Банк осы Бағдарламаның 8.1-тармағына сәйкес клиенттерге Мобильді қолданбада push-хабарлама жіберу жолымен алдын ала хабарлай отырып, Бағдарламаның қолданылу мерзімін белгілеу құқығын өзіне қалдырады.

6.3. Клиент ұсынылған және жинақталған Сыйақыны Бағдарламаның қолданылу мерзіміне қарамастан Мобильді қолданбада Транзакциялар/Операциялар жүргізу үшін пайдалануға құқылы.

6.4. Серіктес тарапында мұғалім бағаны 10 балдан төмен бағаға дейін төмендеткен жағдайда, есептелген Сыйақы қайтарылуға жатады. Бағаны 10 балға дейін көтерген жағдайда Сыйақы Оқушының бағалау кестесіне өзгеріс енгізілген күннен бастап есепке қосылады.

6.5. Банк Бонустық шотты / Power Card төлем картасының шотын тікелей дебеттеу жолымен күші жойылған Транзакция/Операция бойынша (Серіктес тарапында мұғалімнің күнделіктегі бағаны 10 балдан төмен бағаға дейін өзгерткенде, тауарды қайтарғанда, рұқсат етілмеген операция жүргізілгенде және т. б.) ұсынылған Сыйақы мөлшеріндегі ақшаны қайтарып алуға құқылы, осыған Клиент Банкке өзінің келісімін береді. Сонымен қатар, Клиент осындай есептен шығару (қайтарып алу) нәтижесінде оның ағымдағы шотында теріс қалдық пайда болуы мүмкін екендігіне келісімін береді және алдағы уақытта оны өтеуге міндеттенеді.

7-тарау. Ағымдағы шоттар жабылған жағдайда Сыйақыны есептен шығару

7.1. Клиент тарапынан Банкте ашылған барлық банктік шоттарды жабуға өтініш түскен жағдайда оның Бонустық шотында пайдаланылмаған Сыйақының болуын тексеру жүргізіледі.

7.2. Банк Клиентке пайдаланылмаған Сыйақының бар екендігі туралы хабарлайды және шоттарды жабу рәсімі басталғанға дейін оны пайдаланудың қолжетімді тәсілдері туралы ақпарат береді.

7.3. Клиентке жинақталған Сыйақыны келесі тәсілдердің бірімен пайдалануға мүмкіндік беріледі:

12) Сыйақыны осы Бағдарламаның қолданыстағы талаптарына сәйкес Транзакциялар/Операциялар жүргізу үшін пайдалану.

13) Клиенттің сұрау салуы бойынша Банк жинақталған Сыйақыны Клиенттің банктегі басқа қолданыстағы шотына (егер ол бар болса) немесе белгілі бір жағдайларда басқа банктегі шотына (Банктің тарифтеріне сәйкес комиссия алынуы мүмкін) аударуды ұсына алады.

8-тарау. Қорытынды ережелер

8.1. Бағдарламаға қатысу ерікті болып табылады. Банк қатысушыларға Бағдарлама талаптарына енгізілген өзгерістер және/немесе толықтырулар күшіне енгенге дейін кемінде күнтізбелік 30 күн бұрын Мобильді қолданба арқылы және/немесе Банктің www.bankffin.kz ресми интернет-ресурсында хабарлай отырып, осы Бағдарламаның талаптарын өзгертуге, оның қолданылуын кез келген уақытта өз қалауы бойынша уақытша тоқтатуға немесе аяқтауға құқылы.

8.2. Ата-ана (оқушының заңды өкілі) осы Бағдарламаға қатыса отырып, осы Бағдарламамен және оның талаптарымен танысқанын және келісетінін растайды.

8.3. Осы Бағдарламаның талаптары бойынша қосымша ақпарат пен түсініктеме алу үшін қатысушылар 595 нөмірі бойынша немесе Мобильді қолданба арқылы, сондай-ақ www.bankffin.kz сайтындағы FAQ арқылы хабарласа алады.